

## Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңес туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 11 қаңтардағы N 33. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Республиканың министрліктері мен ведомстволарының тұтынушылар құқығын қорғау мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңес құрылсын.
2. Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңес құрамына өкілдері кіретін республиканың министрліктері мен ведомстволарының тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңес туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).
4. Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңестің жұмыс органы болып Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленсін.
5. Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңесті Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің Төрағасы басқарады деп белгіленсін.
6. Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңестің төрағасына Кеңестің дербес құрамын құру тапсырылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-министрінің

*бірінші орынбасары*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 11 қаңтардағы  
N 33 қаулысына  
Қосымша

**Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі ведомствоаралық  
кеңестің құрамына өкілдері кіретін Қазақстан  
Республикасының министрліктері мен ведомстволарының  
ТІЗБЕСІ**

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі  
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі  
Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі  
Қазақстан Республикасының Білім министрлігі  
Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі  
Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар  
м и н и с т р л і г і  
Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі  
Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда  
құрылыс салу министрлігі  
Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі  
Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт  
м и н и с т р л і г і  
Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар  
м и н и с т р л і г і  
Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі  
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі  
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
Қазақстан Республикасының өнеркәсіпте жұмыстарды қауіпсіз  
жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитет <\*>  
Қазақстан Республикасының Стандарттау, метрология және  
сертификаттау жөніндегі комитеті<\*>  
Республикалық санитарлық-эпидемиялық стансасы  
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық басқармасы  
Қазақстан Республикасының Кеден комитеті <\*>  
Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат  
жөніндегі мемлекеттік комитеті

*ЕСКЕРТУ. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.  
N 1031 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 11 қаңтардағы  
N 33 қаулысымен  
Бекітілген

**Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі  
ведомствоаралық кеңес туралы**

**ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңес (бұдан былай - Кеңес) министрліктер мен ведомстволардың тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының басқа да заңдық және нормативтік өзге де актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **II. Кеңестің міндеттері мен функциялары**

### **3. Кеңестің негізгі міндеттері:**

"Тұтынушылар құқығын қорғау туралы" Заңды жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының іс-қимылын үйлестіру;

"Тұтынушылар құқығын қорғау туралы" Заңның, тұтынушылар мүдделеріне қатысты басқа да заңдық және нормативтік өзге де актілердің қолданылу практикасына талдау жасау;

тұтынушылар мүдделерін қорғауды реттейтін заң жобаларын, нормативтік актілерді әзірлеуге қатысу;

тұтынушылар құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері жөніндегі қоғамдық пікірді зерделеу ісін ұйымдастыру;

тұтынушылар мүдделеріне қатысты заңдық және басқа актілер жобаларына, баға мен тарифтердің деңгейі мен құрылымына, сондай-ақ тауарлардың, жұмыстар мен қызмет көрсетудің сапасына тәуелсіз сараптама ұйымдастыру;

тұтынушылар құқығын қорғау туралы заңдарды насихаттау, барлық ұйымдық-құқықтық нысандарда, үлгілер мен түрлерде білім беретін мекемелерге, мемлекеттік басқару органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға, сондай-ақ тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асыратын қоғамдық ұйымдарға арналған тұтынушылар құқығы мәселелері жөніндегі оқу бағдарламаларын әзірлеуге қатысу болып табылады.

Өзіне жүктелген міндеттерді шешу кезінде Кеңес Қазақстан Республикасының өкілді және атқарушы органдарымен әрі қоғамдық ұйымдарымен бірлесіп іс-қимыл жасайды.

## **III. Кеңестің құқықтары мен өкілдіктері**

Өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін Кеңестің: министрліктерден, ведомстволардан, ұлттық және мемлекеттік акционерлік және холдинг компанияларынан, жергілікті әкімдерден, мемлекеттік және жеке

меншік кәсіпорындардан, ұйымдардан өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;

қызметі тұтыну саласындағы мемлекет саясатын жүзеге асыру мәселелерімен байланысты министрліктер мен ведомстволардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан, ғылыми және зерттеу мекемелерінен мамандарды, шетелдік сарапшыларды сараптамалар мен конституциялар өткізу үшін белгіленген тәртіппен тартуға;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тұтынушылар құқығын қорғау мәселелеріне қатысты заң актілерінің жобаларын енгізуге құқығы бар.

#### **IV. Кеңестің қызметін ұйымдастыру**

4. Кеңес Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының өкілдерінен құралады. Кеңестің құрамына, сондай-ақ қызметі тұтынушылар құқығын қамтамасыз етумен байланысты ғылыми және қоғамдық мекемелердің, қоғамдық және басқа ұйымдардың өкілдері кіреді.

Кеңес құрамын Кеңестің төрағасы бекітеді.

Кеңестің жұмысына мамандарды, ғалымдарды, сарапшыларды және қызметі тұтыну саласындағы саясатты жүзеге асыру мәселелерімен байланысты шет елдік мемлекеттердің әр түрлі ұйымдары мен мекемелерінің өкілдерін тартуға б о л а д ы .

5. Кеңесті Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы басқарады.

Кеңес мүшелері өз құрамынан төрағаның орынбасарлары мен Кеңестің х а т ш ы с ы н с а й л а й д ы .

6. Кеңестің төрағасы, ол жоқ кезде - оның орынбасарларының бірі Кеңестің қызметіне басшылық етеді, мәжілістерде төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды және қабылдаған шешімдердің жүзеге асырылуына жалпы бақылау ж а с а й д ы .

7. Кеңестің мәжілістері қажет болуына қарай, бірақ тоқсан сайын кемінде бір рет өткізіледі және хаттамалармен ресімделеді.

8. Кеңес мәжілістерінің хаттамаларына мәжілісте төрағалық етуші мен Кеңестің х а т ш ы с ы қ о л қ о я д ы .

Мәжілістердің хаттамалары Кеңес мүшелерінің қаперіне мәжіліс өткен күннен бастап бір апта ішінде жеткізіледі.